

"Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 50 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2018 жылғы 10 қазандағы № 557 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 12 қазанда № 17535 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 50 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8390 тіркелді, "Егемен Қазақстан" газетінің 2013 жылғы 7 тамыз № 184 санында (28123)) жарияланды) бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасында:

5-тармақ алынып тасталсын;

6, 7 және 8 – тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары:

1) ұлттық зерттеу университеті;

2) ұлттық жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы;

3) зерттеу университеті;

4) университет;

5) академия;

6) институт;

7) консерватория.

7. Мамандандырылған білім беру ұйымдары:

1) мамандандырылған мектеп;

2) мамандандырылған лицей (мамандандырылған мектеп - лицей);

3) мамандандырылған гимназия (мамандандырылған мектеп - гимназия);

4) мамандандырылған мектеп - интернат;

5) мамандандырылған мектеп - лицей - интернат;

6) мамандандырылған мектеп - гимназия - интернат;

7) мамандандырылған музыка мектеп - интернаты;

8) мамандандырылған спорт мектеп - интернаты (олимпиадалық резервтегі мамандандырылған мектеп - интернат - колледж);

9) мамандандырылған хореография мектеп - интернаты (мамандандырылған хореография мектеп - интернат - училищесі);

10) мамандандырылған әскери мектеп - интернат;

11) "Білім-инновация" лицей - интернаты;

12) мамандандырылған мектеп - кешендер;

13) мамандандырылған ақпараттық технологиялар мектеп-лицейі;

14) мамандандырылған ақпараттық технологиялар лицейі.

8. Арнайы білім беру ұйымдары:

1) арнайы бөбекжай;

2) арнайы балабақша;

3) арнайы мектеп;

4) арнайы мектеп - интернат;

5) арнайы кешен "балабақша - мектеп - интернат";

6) арнайы кешен "мектеп - интернат - колледж";

7) психологиялық - медициналық - педагогикалық консультация;

8) оңалту орталығы;

9) психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті;

10) логопедтік пункт."

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет - ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы бұйрық тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі А.К.Аймағамбетовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

міндетін атқарушы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК